

Атаусыз шағын ауданға атау беру туралы

Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы Қызан ауылы әкімінің 2021 жылғы 21 желтоқсандағы № 14 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 23 желтоқсанда № 25961 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабына сәйкес, Қызан ауылы халқының пікірін ескере отырып және Маңғыстау облысының ономастикалық комиссиясының 2021 жылғы 6 мамырдағы қорытындысының негізінде, ШЕШТІМ:

1. Қызан ауылындағы № 2 атаусыз шағын ауданға "Сармыс Өтеғұлұлы" атауы берілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызан ауылы әкімі

Қ. Сүлейменов